



№1 СӨЖ: Әлеуметтік өзгерістерді сипаттайтын категорияларға талдау

Орындағандар:

Қойшиева Сайёра,

Дуйсебекова Аружан,

Алмашова Камила,

Ракишева Толқын,

Амирова Риза

ЖОСПАР:

- 1 Әлеуметтік өзгерістер түсінігі, оның түрлері
- 2 Эволюциялық және революциялық өзгерістер
- 3 Әлеуметтану ғылымының категориялары
- 4 Әлеуметтік мобильдік
- 5 Конфликт теориясы

Әр ғылымның өзіне тән категориялары мен заңдары бар. Әлеуметтану ғылымының категориялары әлеуметтану білімінің пәндік ерекшеліктерін нақты түсіну үшін бастапқы ұғым болып саналса, ал әлеуметтік заңдылықтар оның мәнін ашатын қажетті ұғым болып табылады.

Әлеуметтік өзгерістерді негізінен экономикалық әлеуметтану , саяси әлеуметтану, құқық әлеуметтануы, ауытқымалы мінез-құлық әлеуметтануы, отбасы әлеуметтануы, жастар әлеуметтануы, дін әлеуметтануы сынды категориялардан байқауға болады.



- Қоғамдағы әлеуметтік жүйеде жатқан институттардың, әлеуметтік рөлдер мен адамдар арасындағы өзара байланыстардың өзгеруі. Әлеуметтік өзгерістер әлеуметтік құрылымда пайда болған елеулі өзгерістер. Бұл танымның ішіне жаңа нормалар, құндылықтар, мәдени элементтер және символдық өзгерістерді атауға болады. Қоғамда кіші топтар арасында көрініс тапқан өзгерістер мен мода сияқты өтпелі өзгерістерді ескермеуге болады, бірақ отбасы, экономика, құқық институттарындағы өзгерістер, әлеуметтік рөлдерден өзгерістер және әлеуметтік байланыстарда пайда болған өзгерістер өте қажетті.

- Әлеуметтік өзгерістердің бірнеше себебі бар. Бұл себептер мыналар: ғылыми жаңалықтар, технологиялық жаңалықтар, ой-пікірлер, наным-сенімдер, халықтың артуы, мәдени өзара байланыс, соғыс, табиғи апаттар, тарихи оқиғалар т.б.



- Әлеуметтік өзгеріс процесінде қоғам бірнеше әлеуметтік мәселелерді басынан кешіреді. Жаңалықтар әр уақытта онай жолмен қалыптаспайды және оған бейімделмейді. Өзгерістерге қарсы әлеуметтік қарсы тұру пайда болып тұрады. Өзгерістерге қолдаушылар мен оған қарсы шығушылар арасында қақтығыстар болуыда ықтимал. Әр өзгерістің өзінше шығыны болады. Болымды нәтижелермен қатар болымсыз нәтижелерде орын алып тұрады. Мысалы, автомобильдің пайда болуы қоғамда жылдам өзгеріске жол ашқаны белгілі: тасымалдау, сауда, өнеркәсіп т.б. сияқты бірнеше салада болымды нәтижелерге қол жеткізді. Бірақ, сонымен қатар, жол апаттары, экологияның нашарлауы т.б. сияқты болымсыз нәтижелер осы әлеуметтік өзгерістің жемісі.

- *Әлеуметтік өзгеріс* "әлеуметтік даму" ұғымымен шатастыруға болмайды. Өйткені, қоғам өміріндегі өзгерістер мен әлеуметтік қозғалыстардың барлығы бірдей оның сапалық даму деңгейін бейнелей алмайды; кейде олар әлеуметтік даму процесін тежеп, оның құрылымдарын тоқырата түсуі мүмкін. Сондықтан да әлеуметтану ғылымында *Әлеуметтік өзгеріс* және "Әлеуметтік қозғалыс" ұғымдары "әлеуметтік даму" ұғымымен салыстырғанда кең мағынада қарастырылады. Ал әлеуметтік даму дегеніміз - жаңа қоғамдық қарым-қатынастардың, институттардың, нормалар мен құндылықтардың пайда болуына жетелейтін күрделі құрылымдық процесс. Әлеуметтік дамуды бағалаудың әртүрлі: экономикалық, құқықтық, мәдени, рухани, т.б. өлшемдері қалыптасқан. Оның мән-мазмұнын жете, толыққанды түсіну үшін нақты әлеуметтік ортаны зерттейтін ғылым салаларының, әсіресе, әлеуметтік философияның жетістіктері пайдаланылады. Жалпы қоғамды, оның құрылымдық элементтерін дамытатын немесе тоқырататын Әлеуметтік өзгерістердің негізгі себептері мен факторлары туралы әлеуметтанушылар әлі ортақ бір пікірге келген жоқ



Әлеуметтанулық ғылымында әлеуметтік жанжал деген ұғымның өзіне қатысты әр алуан пікір қалыптасқан. Кей ғалымдар оны әлеуметтік қарама-қарсылықтар немесе белсенді адамдар мен топтар арасындағы шынайы күрес ретінде, ал басқа әлеуметтанушылар оны қоғамдағы қарама-қарсылықтың пісіп жетілуі мен дамуының жоғары сатысы ретінде түсіндірді. Шын мәнінде, әлеуметтік қарама-қайшылық пен әлеуметтік жанжал бір-біріне астасып жататын ұқсас ұғымдар емес. Әлеуметтік қарамақарсылық бір-біріне қарсы тараптар күресі ашық та айқын сипат иеленіп, әлеуметтік шиеленіс әбден асқыну деңгейіне өткен кезде ғана әлеуметтік жанжалға ұласады. Ал, Т.Парсонс сияқты функционалдық бағыттағы ғалымдар Әлеуметтік өзгерістерді "қозғалмалы тепе-теңдік" ретінде қарастырып, оны қоғамның әлдебір бөлігіне, не бүгіндей әлеуметтік жүйеге телиді. Адамзат қоғамы тарихында Әлеуметтік өзгерістердің, негізінен, эволюциялық және революциялық екі пішімі кеңінен мәлім. Жалпы кез келген әлеуметтік жүйедегі оң қабылдаған өзгерістер ретсіз, бейберекет түрде емес, белгілі бір бағдарлылықпен, қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға қарай, яки прогрессивті, жүйелі түрде жүріп жатады.

| Категориялар | Оны толықтай ашатын | Әлеуметтік қатынастар | (Әлеуметтік фактор, әлеуметтік қарым-қатынастар,әлеуметтік басқару,әлеуметтік институт); |
|--------------------|--|-----------------------|--|
| Категориялар | Оны толықтай ашатын | Әлеуметтік топтар | (Қоғам,әлеуметтік топтар, ұйымдар,әлеуметтік сыныптар,тұлға); |
| Категориялар | Оны толықтай ашатын | Әлеуметтік процестер | (Оның ауыспалылығы мен түрлері,қоғамдық белсенділігі, әлеуметтенуі,маргинализация мен институциализациясы және де тәртібі жатады); |
| Категориялар | Оны толықтай ашатын | Әлеуметтік дамуы | (Әлеуметтің өзгеруі, әлеуметтік трансформация, деградация,әлеуметтегі орны, әлеуметтік қозғалыстары жатады); |
| Бөлек категориялар | Әлеуметтік және эмпирикалық тәжірибелерде белсенді | | (Бағдарлама,құрал-саймандар, сауалнама,әлеуметтік-г, гипотеза |

Категориялар

Макросоциологиялар

Қоғам, мәдениет, әлеуметтік институттар, әлеуметтік жүйесі және әлеуметтік құрылымы, жаһандық әлеуметтік процестер.

Микросоциологиялар

Әлеуметтік мінез-құлық, мотивация, адамдардың қарым-қатынастары, ынталандыру, топтық іс-әрекеттер.



Қоғам ілгерілеп дамыған сайын оның құрылымы да өзгеріп отырады, соған байланысты әлеуметтік мобильдік деген құбылыстың түсінігі пайда болды. Бұл жағынан негіздеп, «Әлеуметтік мобильдік» теориясының авторы П. Сорокин терең зерттеді. «Әлеуметтік мобильдік» деп, қоғамдағы әлеуметтік жағдаймен әлеуген индивидрет мен адамдар тобының әлеуметтік жағдайдан екінші бір әлеуметтік жағдайға ауыстыруын айтамыз.

Әлеуметтік мобильдіктің екі типі болады, олар:

- вертикалды, яғни тік сызықтың бойымен болатын және;
- горизонталды, немесе көлденең сызық бойындағы әлеуметтік мобильдіктер.

- Вертикальды мобильдік – индивидтің бір стратадан екінші бір стратаға ауысуының нәтижесінде оның әлеуметтік жағдайының өзгеруі.
- Горизонтальды мобильдікте – индивид бір әлеуметтік позициядан екіншісіне ауысады. Бұл ауысу тек көлденең сызық бойында болады да оның әлеуметтік жағдайына ешбір өзгеріс әкелмейді.
- Ал, мобильдіктің көлемі немесе қарқыны белгілі бір уақыт аралығындағы өздерінің әлеуметтік статустарын өзгерткен индивидтердің санымен өлшенеді.

Конфликт теориясы: технология, билік және әлеуметтік өзгеріс

Конфликтология теорияшылары өзгерісті жаңа технологияларды қоса алғанда бәсекелес топтардың күресінің нәтижесі деп санайды. Сонымен бірге конфликтология теорияшылары қолында мол билігі бар адамдар технологиялық және әлеуметтік өзгерістерді өз мүддесіне бағыттайды деп тұжырымдайды. Қақтығыс және құлдырау сипаты бар процесте әлеуметтік құрылым өзгереді. Өйткені ықпалды топтар өзгеріс үшін немесе қалыптасқан жағдайды сақтау үшін әрекет етеді. Торстейн Вебленнің (Thorstein Veblen, 1919) айтуынша, қалыптасқан жағдайдан пайда тауып отырғандар оны сақтау үшін бар күшін салады. Заңды мүддені көздеушілер қалыптасқан жағдайды сақтауға немесе өзгертуге тырысады. Әлеуметтік өзгерістен залал көрген топтар мен адамдар қалыптасқан жағдайды сақтағысы келеді. Ал өзгерістен пайда табатындар, керісінше, жаңашылдықты қолдайды



Электр компаниялары электромобильдерді сатуға мүдделі. Бірақ бұл жанармай компанияларының мүддесіне сай келмейді. Колледж студенттері ғаламтордан оқулықты тегін жүктегісі келеді, ал баспаханаларға бұл тиімді емес. Технологияның артықшылықтары сияқты шығындары да тең бөлінбейді. Конфликтология теорияшылары әдетте шығынға әлсіздер ұшырайды дейді. Корпорацияларға көпайда түсіретін ауаны ластаушы фабрикалар кедей-кепшік тұратын аудандарда орналасады

. Олар ешқашан Беверли Хилз немесе Скарсдейл сияқты аудандарда болмайды. Эволюциялық теориялар сияқты әлеуметтік өзгерістерге қатысты конфликтологиялық көзқарас та тек болжамға ғана сүйенбейді, эмпирикалық зерттеулермен дәлелдейді. Конфликтологиялық көзқарас жөніндегі жалпы түсінік бойынша, қоғамда байлығы, мәртебесі мен билігінің үлесі әркелкі қалыптасқан адамдар жағдайды сақтап қалуға тырысады. Қазіргі құбылмалы қоғамда бұл түсінік өзгеріп кетуі де мүмкін: қуатты топтар, жеке адамдар мен ұйымдар да қолдауға бейім болып, технологиялық инновацияларға қарсы шығуы ықтимал.

- Конфликттерді зерттей келе ғалымдар қоғам өмірінде конфликттер жағымды рөл атқарады деген шешімге келді. Қазіргі уақыттағы конфликт теориясының бастамасы бірқатар социолог ғалымдардың зерттеулері жасады. Солардың ішіндегі танымалы – Г.Зиммель, конфликттің функционалдық теориясының авторы ХХ ғасырдың 60 жылдар ортасында неміс оқымыстысы Р.Дарендорф, соңынан “қоғамның конфликттік моделі” атанған әлеуметтік конфликт теориясын айтып өтті.
- Бүгінгі таңда конфликтологияның дамуының бірнеше бағыттары қалыптасты: философиялық-әлеуметтік (макродеңгейде конфликттердің даму тенденцияларын қамтитын), әлеуметтік-ұйымдық (ұйымдардағы, ұжымдардағы конфликттердің себептері мен дамуын зерттейтін) және жекетұлғалық – психологиялық (жеке тұлғаның мінезін және психофизикалық ерекшеліктерін зерттейтін).
- Конфликт (латынша — *conflictus*) қарама-қарсы мүдделердің қақтығысуы, көзқарастар мен қатынастардағы қарама-қайшылық дегенді білдіреді. Қақтығысқа өмірдің түрлі мәселелері себеп болуы мүмкін: материалдық ресурстар, маңызды өмірлік нұсқаулар, билік етуші өкілеттіліктер, әлеуметтік құрылымдағы мәртебелік-рөлдік айырмашылықтар, жеке тұлғалық (эмоционалды-психологиялық) айырмашылықтар және т.б.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**